

ДӘСТҮРІМІЗ – БАЙЛЫҒЫМЫЗ!

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бірер жылдың еншісінде қалып қоймауы тиіс. Бұл өзекті мәселе үнемі айтылып, жазылып, ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде ұсынылып отырғаны жөн. Биылғы жылы да салт-дәстүр мен әдет-ғұрып жайында көптеп жазылды. Өтіп бара жатқан 2021-жылды да осы тақырыппен қортындылағанды жөн санадық.

Қазақ халқы – әлемдегі ең ғажап халық. Бұл сөзіме ешкімнің шүбә келтірмесі анық. Бұған қазақ жерінде болған әлем тарихшылары да, зерттеуші, әдебиетшілері де куә болған. Қай ғасырды алып қарасаңыздар да қазақ халқы жайлы оң пікірді көреміз. Қазақ халқын әлем халқына ғажап халық екенін танытып тұрған ол біздің ұлттық құндылықтарымыз, салт-дәстүр, әдет-ғұрып пен мәдени мұраларымыз, тіліміз және ұлттық колөнер мен ұлттық киімдер, ұлттық тағамдар, ұлттық ойындар. Бабадан балаға мирас болып, заман көшімен жалғасып бүгінгі күнге жеткен баға жетпес құнды қазынамыз. Өз ұлтымыздың қадір-қасиетін, ой-өрісін танытатын салт-дәстүрімізге, қазақтың мәртебесін көтеретін мұраларымызға құрметпен қарап, оларды қастерлеу барша қазақтың міндеті деп білемін. Өскеден ұрпақтың бойына ұлттық тәрбиені сіңіруге бүгіннен бастап ат салысуымыз қажет.

Әуелгі сөзді қазақ халқының қонақжай халық екендігінен бастаған жөн болар. Жер бетінде қазақтан асқан қонақжай халық жоқ. Қонақжайлық – қазақ халқының сүйегіне сүтпен сіңген қасиет. Үйіне тосыннан қонақ келіп қалса да «құдайы қонақ» деп шырайлы жүзбен қарсы алып, бар тәтті-дәмдісін алдына қойған. Қазақ халқында қонақтың белгілі төрт түрі арнайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ және қылығма қонақ болғанымен, қазақ үшін қонақтың аты – қонақ болып қала берген. Бұл қасиетте қазақтар өзге ұлттан ерекшеленіп, мәртебесін биіктетіп тұрады. Сонымен қатар үй иесі келген қонақтан қолқалап «қонаққа» сұраған. Қонақ адам ән, қисса немесе домбырамен күй орындап не өлең айтып берген. Осылай ән немесе күй орындалып, арты көңілді отырысқа айналып отырған. Қазақ халқы бағзыдан бүгінге дейін амандық, есен-саулық білуге ерекше мән беріп, жөнімен сәлемдесе білген. Амандасу жақсы ырымға да балаған. Бұдан бөлек, танымайтын адамына да «Кімсің?» деп емес «танымдық қой» деп сыпайы жөн сұрасқан. Бұның барлығы адал, ақ ниетті білдіріп, бір – біріне тілекші екендіктерін танытады.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері бала дүниеге келген сәттен бастап, ер жетуі, тәрбиесі, келін түсіріп, қыз ұзатуы, өлім-жітімге дейінгі аралықты, сонымен қатар қауымдық-әлеуметтік мәселелерді де қамтиды. Ешбір заңда, кодексте жазылмаса да халық дәстүрді бұлжытпай орындап отырған. Бала өмірге келгенде екі көзі төрт болып күтіп отырған ағайынға шапшаңдау бірі «сүйінші» сұрап, қыз болса «кесте тігер», ұл болса «қамшы ұстар» екен деп өз сүйіншісін қолма-қол алып жатқан. Аман-есен босанғаннан кейін жаңа босанған әйелге құрмет және денсаулығын қалпына келтіру үшін «қалжа» береді. Бұны жақын адамдары, туған-туысқандары, дос-жолдастары қой сойып, ет пен сорпа әзірлейді. «Жарысқазанның» артынан ілешала «шілдехан» орын алады. Бұған көбінесе жастар жағы жиналып, думанды той қылып жібереді. Сол кеште қалжа етінен «он екі омыртқа» тазаланып, жұмылады да, әбден болған соң тобылғыға тізіп, үйдің жоғарғы жағына іліп қояды. Қалжаның омыртқасынан ауыз тиюге әйел затының бәрі атсалысып, осы әйел сияқты тезірек босанармыз деп ырымдап, үміттенеді. Жас босанған келін енесі үнемі қадағалап, «шілде қағып кетпесін» деп,

салқыннан сақтайды. Қолын суға салғызбай, «қырық күнге дейін дене судан шошиды» деп шомылдырмайды. Бала дүниеге келгенде дауысы шығу үшін құйрығын шарт еткізіп ұрады да, кіндігін кеседі. Кіндігін кескен әйел «кіндік шеше» атанады. Осылай екі үй арасында жақсы қарым – қатынас жиілеп, жарастық орнайды.

Содан кейін қазақ аса салтанатты жағдай саналатын «балаға ат қою» дәстүрі орындалады. Сол сияқты болсын деп ырымдап парасатты, құрметті адамдардың есімдерін де қойып жатады. Есімді сыйлы, құрметті адам қойып, сәбиге батасын береді. Азан шақырылады. Қырық күн өткеннен кейін әйелдер баланы суға түсіріп, шашын, тырнағын алып «қырықнан шығарады». Суға түсірген әйелдерге сый-құрмет көрсетіліп, рахмет айтылады. Кішігірім той болып, дастархан жайылады. Жаңа туған сәбиді ауылдың өнегелі, ұрпағы өсіп-өнген, ел құрметтейтін бәйбішесі «бесікке салады». «Кең жайлау жалғыз бесік жас балаға» демекші, бесік – баланың ұйықтауына, таза болуына өте ыңғайлы болып жасалған. «Бесік тойы» қазақ өмірінде үлкен орын алады. Балаға «бесік жырын» айта отырып тербетеді. Ал бала бесікке көбінесе емшектен шыққанша жатады. Еңбектей жатқаннан кейін баланың өзі де бесікке жатқысы келмейді. Бесіктен шыққан бала еңбектенуден өтіп қаз-қаз баса бастаған кезде, болашағына ақ жол тілеп, «тұсау кесер» тойын жасайды. Тұсауын да елге сыйлы, абыройлы адамға саған ұқсасын деген ниетпен кестірген. Екі аяғына тұсауыша ала жіп байлап, содан соң ортасынан кеседі. Ала жіппен кесудің мәні «біреудің ала жібін аттама», ұрлыққа, зорлыққа барма деп баулуында. Тұсауы кесілер баланың алдына кітап, қамшы, құрық қойып, бала қай затты ұстаса болашағы сонымен байланысты болады деп жорыған.

Бала үш, бес жасқа толғанда ұл балаға тән тағы бір той – «сүндет тойы» болып табылады. Бұл дәстүр қазақ халқы ислам дінін қабылдағаннан бастап салтымызға сіңіп, кейін дәстүріміздің мызғымас бір бөлігіне айналған. Баланы сүндетке тақ жасында отырғызған. Бұл адам денесінің тазалығына арналған шаралардың бірі болып та саналады. Думанды тойдың бірі саналатын бұл тойда баланы «сүндет ат» деп аталатын атқа мінгізіп, сәндеп киіндірген. Баласы сүндетке отырған ата-аналар «балам мұсылман санатына қосылды» деп қуанады. Отбасындағы ер бала жетіге дейін жерден таяқ жеп болғаннан кейін, құрай немесе шыбықты ат қып ойнай бастайды. Есіл дерті түзге, төрт түлікке ауа бастайды. Ал, бұл кезде қыз балалар қуыршаққа қызығып, көбелек қуғанымен, үйден ұзмауға тырысады. Осы кезде ата-анасы ер баласын «ашамайға мінгізген». «Ашамай» дегеніміз, ағаштан жасалған ердің қарапайым түрі. Кендігі баланың ауына лайық жасалған. Алды-артында ердің қасы секілді сүйеніші болады. Үзеңгісі жоқ. Үстінде жұмсақ көпшігі болады. Осыны жуас атқа ерттеп, үстіне баланы мінгізеді. Аттан ауып қалмасын деп екі аяғын байлап қояды. Содан соң тізгінді балаға ұстатады да, біреу атты алдымен арқан бойы жерге, онан соң одан да алысқа жетектейді. Солай баланың өзі де жүріп кетеді. Бір-екі күн өткенде аяқты байламайды. Бала өз бетімен жүріп, бір жетінің ішінде атқа ашамайды емес, ер тоқымды салып, өзі мінетін болып кетеді. Үзеңгіге аяғы жетпей жатса, таралғыға салып алады. Ашамайдан кейін бала ілешала «бәсіресіне» мініп, тұңғыш рет үйінен алысқа жолаушылаған кезде әке-шешесі бір малын сойып, «тоқым қағарын» өткізеді. Бұл «тоқым қағар» ақ ниеттен, адал көңілден атқарылатын анна-аналық парыз. Бәсірені айыл-тұрман, ер-тоқым, жүген-

ноқта, шідер мен кісен, арқанын дайындап, жабдықтайды. Мектеп жоқ, медресе аз кезде осы жастан бастап баланы оқуға, еңбекке баулыған. Бұл айналасы он жасқа дейінгі балалық шақтағы ұл балаға істелетін дәстүр.

Сонымен қатар қазақ халқының ұлттық құндылықтарының тағы бір түріне «ұлттық тағамдарды» да жатқызсақ болады. Себебі, қазақтар адам қажеттіліктері ішінде тағамды бәрінен жоғары қойған. «Астан үлкен емессің» деп асты құрметтеген, оны әзірлеудің түрлі көзін таба білген. Кең дастарханы арқылы жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеп, өздерінің мырзалық, мәрттік қасиеттерін таныта білген. Ежелден мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыздың негізгі асы – ет пен сүт болған. Етті пісіріп, асып жеген. Ал, сүттен көптеген тағамдар әзірлеген. Бұлардың барлығы адам денсаулығы үшін де он әсерін тигізіп отырған. Ас даярлауды негізінен қазақ әйелдері бастан өз мойндарына алған. Қазақ әйелдері сан алуан тамақ әзірлеп, оларды жазда да, қыста да бұзбай сақтаудың әдіс-тәсілдерін жақсы білген. Ал, жылдықдан алынатын қымыздың емдік қасиеті бар екені ежелден белгілі. Сонымен қатар, шұбат та денсаулыққа өте пайдалы. Бұл астардың пайдасын ата-бабамыз медицина пайда болмай тұрып-ақ білген. Ұннан бауырсақ, таба нан, салма, май шөлпек, қаттама жасаса, дақылдардан талқан, бидай көже, тары көже, жент, майсек, бөкпе әзірлеген. Сүттен айран, қатық, қойыртпақ, шалап, балқаймақ, кілегей, қорықтық (тасқорықтық), қаймақ, құрт, сары май, сүзбе, уыз, қатыран уыз, пісірілген уыз, іркіт, ірімшік дайындаған. Ет тағамдарынан қазқаша ет, қазы, қарта, жал, жая, сорпа, бас, сүр, жау-бүйрек, борша, қарын бөртпе, әсіп, жөргем, кимай, шұжық, шыртылдақ, сірне, ми палау, құйрық-бауыр, қуырдақ, бал қуырдақ, жонқа қуырдақ, қара қуырдақ, соғым қуырдақ, үкпе қуырдақты әркезде де әзірлеп отырған.

Ұлттық құндылықтар туралы сөз болғанда ұлттық киімдер де шет қалмайды. Себебі, ұлттық киімдер де ұлттық құндылықтардың бір бөлшегі. «Ең әдемі киім – ұлттың киімі» деген ұлағатты сөз бар. Қазақ халқының ұлттық киімдері еш халықтан кем емес екені анық. Ұлттық киімнің көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Қазақ халқы сыйлы адамдарының астына ат, үстіне шапан жапқан. Бұл құрметтеудің озық үлгісі ретінде бағаланған. Ертеде халық шеберлері қазақтың салт-дәстүріне тән, кигенге ыңғайлы, тұрмысқа қолайлы әртүрлі киім үлгілерін жасаған болатын. Кейбір адамдарды киімдерінен-ақ дәулетті, болмаса сұлтан, бегзада екендіктерін танып отырған. Ер адамдарға да, әйел адамдарға да арналып жасалған қазақтың ұлттық киімдері ерекше үлгілерімен көздің жауын алады. Ұлттық киімдерге тақия, сау-келе, кимешек, бешпент, шапан, қамзол, бай-пақ, мәсі тағы да басқаларын жатқызсақ болады. Ұлттық киімдер әр қазақтың ажарын ашып, сәнін кіргізеді.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарының бірі – «ұлттық ойындар» баланы іс-әрекетке, адамгершілікке, ақыл-ойын жетілдіруге, отансүйгіштікке, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. «Адам ақылмен сымбатты»-деп білген халқымыз тұрмыс-тіршілікке байланысты туған ұлттық ойындарды бала тәрбиесіне, дене тұрғысының дамуына, сөздік қорының молайуына лайықтап, шебер пайдалана білген. Балалар-ға арналған ойындар тәрбие мәселесімен астасып жатыр. Мысалы, жастардың кешкілік бас қосып, ән айтып, домбыра тартып, қыздар жігіттер болып айтысып, бір-бірімен әзілдесіп көңіл көтеретін «алтыбақан» ойыны, кей жерде «сақина салу», «сақина

тастау» деп аталатын «ақшамшық» ойыны. Ұлттық ойындарымыздың арасында халықтық сипат алған ойындарымыз да бар. Олардың қата-рына көкпар, бәйге, аударыспақ, қыз қуу, тоғызқұмалақты тағы да басқа ойындарды жатқызсақ болады. Жалпы, қазақтың ұлттық ойындары ерлік, өрлік, өжеттік, батылдық, шапшаңдық қасиеттерімен қатар әділдік пен адамгершілікті жоғары ұстаған. Көшпелі қазақ халқының өмір-салты денсаулыққа аса зор мән берген.



Атқа міну өнері жас баланы сезімі мен денесін жаттықтырудың басты және ортақ дәстүріне айналған. Жастайынан аттың құлағында ойнауға бейімделіп, соған тырысқан. Тоғызқұмалақ сынды ойындар адамның ақыл-ойын жетілдіруге арналған. Шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Қазіргі таңда елімізді бұл ойын түрінен жеке қауымдастық ашылып, әр жерде тоғызқұмалақ үйірмелері жұмыс істеуде.

Қазақ халқы өз ұлттық құндылықтарымен өзге ұлттардан өзгешеленіп тұр. Баға жетпес осындай құндылығы бар біздің ел бақыты деп ойлаймын. Өзінің құндылықтары арқылы ұлттық болмысын сақтап осы күнге жетіп отыр. Ертенгі ұрпақ ұлтжанды, отаншыл, патриот болып өссін десек, осы бастан ата дәстүрімізді ардақтауды үйретіп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірте білуіміз қажет. Жас жеткіншек ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білсе еліміздің ертеңі нұрлы болмақ. Қазақ халқының болашағы жарқын болары сөзсіз. Қазақ халқы жел соққан құрақтай жапырыла бермей, алдағы уақытта өзіндік даралығын сақтап қалады. Бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре білген адам болашаққа жауапкершілікпен қарап, еліміздің елдігі үшін аянбай қызмет ететін азамат болып өседі. Ұлттық құндылықтар – ұлт қорғаны. Сондықтан ұлтымыздың қорғанын берік етіп қалау үшін әр адам аянбай тер төгіп, өз үлесін қосыуы тиіс. Қорғаны мықты елге сөз де, көз де өтпейтіні белгілі.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР ЖО мүшесі, ақын

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти,
Антони Антона Петровича
умершего 23 июля 2021 года.
Имеющим наследником, а также физическим и юридическим лицам, к которым Антони Антон Петрович имел обязательства, обращаться по адресу: Карагинская область, город Приозерск, улица Кисунько, дом 1Б., справки по телефону: +7 775 162 7005

Частный нотариус г.Приозерск
Р.Б.Ахметов

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел.: +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 01/749. Тираж: 1000 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041